

**Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік білім беруді
және инновацияларды дамытудың ұлттық
тұжырымдамасы**

Астана 2025

Мүдделі тараптар

Қазақстан Республикасы Білім министрлігі
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі
Қазақстан Республикасы Индустрия және құрылыс министрлігі



QAZTEHNA



Corporate University



AMANAT





КІРІСПЕ

Кәсіпкерлік білімді жүйелі дамыту – Қазақстанның тұрақты экономикалық өсу, бәсекеге қабілеттілігі мен әлеуметтік тұрақтылығын арттыруға қажетті шарт. Табиғи ресурстарға бай, Орталық Азиядағы стратегиялық жағдайға ие, жаңғыртудың өршіл жоспары бар еліміз дамудың жаңа кезеңінің алдында тұр. Сондықтан да практикалық дағдысы мен кәсіпкерлік ойлау қабілеті бар мамандар даярлау өте өзекті. Үздік әлемдік тәжірибелер негізінде құрылған әрі қоғамымыздың ерекшелігіне бейімделген Кәсіпкерлік білімді дамытудың ұлттық тұжырымдамасы – идеяларын нақты экономикалық және әлеуметтік жетістіктерге айналдыруға қабілетті көшбасшылардың жаңа буынын қалыптастыруға бағытталған стратегиялық құжат.

Кейінгі он жылда әлемдік тәжірибе кәсіпкерлік ойлау элементтерін білім жүйесіне ықпалдастырған елдер ІЖӨ-нің өсу қарқынын біршама арттыруға, жаңа жұмыс орындарының санын ұлғайтуға, инновацияларды ынталандыруға қол жеткізгенін нақтылады. Қазіргі заманғы зерттеулер, соның ішінде OECD және Global Entrepreneurship Monitor (GEM) есептері жастарды кәсіпкерлікке белсенді тарту ІЖӨ-нің ұзақмерзімді келешекте өсуіне ықпал ететінін растайды. Kauffman Foundation жарияланымдарын талдау сапалы кәсіпкерлік білім әлеуметтік жағынан өте маңызды саналатын жұмыссыздық деңгейін төмендетіп, түлектердің жұмыспен қамтылуын арттыратынын көрсетті.

Алайда қазіргі жағдайда кәсіпкерлік білім бизнес ашу мен басқару дағдысын меңгертетін дәстүрлі оқыту шеңберінен шығуға тиіс. Кәсіпкерлік білім қамтуы керек:

- Қаржылық сауаттылық, тәуекелдерді басқару, маркетинг және бизнес-жоспарларды әзірлеу сияқты классикалық бизнес-дағдыларды;

- Цифрлық дағды, дизайн-ойлау, инновациялық кәсіпкерлік пен заманауи технологияларды енгізе білумен қатар, креативті және технологиялық құзырет;
- Дәстүрлі еңбек пен қолөнерді жаңғыртуға, техникалық біліктілікті арттыруға және практикалық шеберлікті дамытуға бағытталған практикалық дағдылар мен кәсіби құзыреттер.
- Белгісіз жағдайларда әрекет етуге, нарықпен бірге тез өзгеруге мүмкіндік береді көшбасшылық, командалық жұмыс, сыни ойлау және бейімделу сияқты әлеуметтік-психологиялық қасиет;

Бұл басымдықтар болашақ кәсіпкерлерді даярлап қана қоймай, дәстүрлі салаларды қайта құруға, өндіріске инновациялар енгізуге және елдің мәдени және технологиялық дамуына белсенді қатысуға қабілетті мамандарды қалыптастыратын білім жүйесін құруды талап етеді.

Елімізде кәсіпкерлік білімді жүйелі дамытудың өзектілігі бірнеше түйінді сын-қатерлерге негізделген. Еуразиялық экономикалық комиссияның мәліметінше, Қазақстан ЕАЭО-да жұмыссыздықтан алдыңғы орында. Ал Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2023 жылғы зерттеулерінде түлектердің 75%-ға жуығы ғана оқу орнын бітіргеннен кейінгі алғашқы алты айда жұмысқа орналасады. Бұл дерек түлектерге қазіргі еңбек нарығының талаптарына тезірек бейімделуге және кәсіпорындарын құруға мүмкіндік беретін практикалық дағды қалыптастыруға бағдарланған білім бағдарламаларын құру қажеттігін көрсетеді.

Аталған Ұлттық тұжырымдаманы құрудың бастамашысы – «Тәлімгер» әлеуметтік бастамалар мен инновацияларды қолдау қоры. Қор жетекші сарапшылар, практиктер мен кәсіпкерлік білім саласындағы негізгі стейкхолдерлер өкілдерінің күшін біріктіре отырып, бірегей жұмыс тобын жинады.

2024 жылы 28 тамызда өткен дөңгелек үстелге мемлекеттік органдардың, ірі кәсіпкерлік білім мекемелерінің: Ғылым және жоғары білім министрлігі, Оқу-ағарту министрлігі, «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы, жоғары

оқу орындары – Almaty Management University, Кенжеғали Сағадиев атындағы Халықаралық бизнес университеті, Astana IT University, Satbayev University ҚБТУ, «QazTehna» ЖШС корпоративтік университеті, «Аллюр компаниялар тобы» АҚ» корпоративтік университеті, жеке бизнес-мектептер – Ulttyq Business & Engineering School (UBES), «ДАРА» бизнес академиясы» ЖШС, «Senimen Bolashaq» республикалық қоғамдық бірлестігі, URBAN SCHOOL өкілдері қатысты. Бірлескен терең талдау жүргізілді. Қоғамның қазіргі заманғы сын-қатері мен қажеттілігін көрсететін құжат қалыптастыруға мүмкіндік беретін халықаралық трендтер мен тәжірибе зерттелді.

Кәсіпкерлік білімді дамыту ұлттық тұжырымдамасы білім, ғылым және бизнес өзара тығыз байланыста болатын қолайлы экожүйе құратын құрал болуға тиіс. Практикаға бағдарланған бағдарламаларды енгізу, пәнаралық тәсілді барлық деңгейдегі оқу жоспарларына ықпалдастыру, тәлімгерлік жүйені қалыптастыру және бизнес-қоғамдастықпен белсенді ынтымақтастық еңбек нарығының қазіргі талаптарына сай болуды ғана емес, сонымен қатар еліміздің инновациялық дамуына елеулі үлес болар еді.

Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін Кәсіпкерлік білімді дамыту ұлттық тұжырымдамасы төмендегіні қамтитын іс-шараларды ұсынады:

- Кәсіпкерлік білімнің негізгі қағидаты мен нысанын айқындау. Қазақстандағы нарықтың ерекшеліктеріне бейімделген бірыңғай стандарттар мен әдістемелерді әзірлеу.
- Кәсіпкерлік бағдарламаларды мектептерге, колледждер мен жоғары оқу орындарына ықпалдастыру. Барлық білім деңгейіне практикаға бағдарланған курстар мен пәнаралық жобаларды енгізу.
- Қолдау инфрақұрылымын құру. Бизнес-инкубаторлар, акселераторлар мен жас кәсіпкерлерді қолдау орталықтары жүйесін қалыптастыру.

- Педагогтерді даярлау жүйесін дамыту. Мұғалімдердің біліктілігін арттыру және білім процесіне кәсіпкерлік технологияларды тиімді енгізуге қабілетті мамандар қоғамдастығын қалыптастыру.

- Тиімділікті бағалау және мониторингілеу тетіктері. Стратегияны жедел түзету мақсатында индикаторлар жүйесін және бағдарламаларды іске асырудың тұрақты мониторингін әзірлеу.

Ұсынылған шаралар іске асырылатын болса, мынадай өзгерістерді күтуге болады:

- ІЖӨ-дегі кәсіпкерлік белсенділік үлесін бірнеше пайызға арттыра алады. Финляндия мен Сингапурде жастарды кәсіпкерлікке белсенді тарту экономикалық өсімге оң әсерін тигізді.
- Практикалық дағды қалыптастыру және өз кәсіпорындарын құруды ынталандыру арқылы түлектер арасындағы жұмыссыздықты төмендету.
- Жастардың өз бетінше шешім қабылдау дағдысын қалыптастыру, жаңа жұмыс орындарын құру саласында қаржылық сауаттылық пен белсенділікті арттыру есебінен әлеуметтік ахуалды жақсарту.
- Жастарда жаңа идеяларды генерациялауға және табысты жүзеге асыруға бағытталған кәсіпкерлік ойлауды қалыптастыру үшін қолайлы орта құру.
- Дәстүрлі еңбек кәсіптерінің сапасын беделді және жоғары технологиялық бағыттарға айналдыра отырып жақсарту.
- Түлектерді жұмысқа жылдам орналастыруға және жаңа жұмыс орындарын құруға ықпал ете отырып, білім жүйесі мен еңбек нарығының қажеттіліктері арасындағы алшақтықты қысқарту.
- Жаһандық бәсекелестік жағдайында жұмыс істеуге және белгісіздік жағдайында әрекет етуге қабілетті мамандарды қалыптастыра отырып, еліміздің әлемдік аренадағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру.

АНЫҚТАМА ЖӘНЕ ПАЙЫМ

Кәсіпкерлік білім – оқушылардың бойында кәсіпкерлік ойлау үлгісін қалыптастыруға бағытталған, шығармашылық идеяларды экономикалық,

әлеуметтік және мәдени салалардағы нақты іс-әрекеттерге айналдыруға мүмкіндік беретін әдіснамалық тәсілдер мен практикалық іс-шаралар. Бұл теориялық даярлықты, практикалық оқытуды және жеке құзыреттерді дамытуды қамтиды, сондай-ақ қарқынды өзгертін орта жағдайында мүмкіндіктерді анықтауға және іске асыруға бағдарланған.

Жоғарыдағы анықтаманы назарға ала отырып, Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік білімнің нысаналы пайымы мынаны білдіреді:

- Оқушылардың талдау, сыни ойлау, инновациялық идеялар ойлап табу және оларды жүйелі түрде бағалау қабілеттерін дамыту.
- Креативті идеяларды жинақтап қана қоймай, оларды бизнесте, әлеуметтік бастамада немесе мәдени қызметте іске асырылатын нақты жобаларға тиімді жүзеге асыра білу.
- Академиялық білімді практикалық тәжірибемен және негізгі тұлғалық қасиеттерді дамытумен ұштастыратын білім процесі.
- Сыртқы ортаның өзгеруіне жедел ден қоюға, оны талдауға және жаңа құндылықтарды жасау үшін мүмкіндіктерді пайдалануға қабілетті ұрпақ даярлау.
- Процестерді күнделікті, пассивті қабылдаудан гөрі мүмкіндіктерді белсенді іздеуге және іске асыруға көшуге жәрдемдесу.

Әмбебап кәсіпкерлік ойлау дербестік пен инновация мәдениетін құру үшін ажырамас іргетас болып табылады

Әмбебап кәсіпкерлік ойлау – оқушылардың бойында өмірлік және кәсіби міндеттерді шешуде белсенді, дербес және сыни ұстанымды қалыптастыратын интегралдық когнитивтік және уәждемелік сапа. Бұл компонент өзгермелі орта жағдайында мүмкіндіктерді өз бетінше анықтауға және іске асыруға қабілетті ұрпақ даярлауға бағытталған білім процесінің негізін қалаушы элемент болады, сол арқылы мемлекеттің қолдауына тәуелділікті төмендетеді.

Әмбебап кәсіпкерлік ойлаудың негізгі сипаттамалары:

- Сыртқы қолдауға тәуелді болмай жаңа мүмкіндіктерді іздеу және пайдалану үшін оқушылардың ішкі мотивациясын қалыптастыру
- Ақпаратты объективті бағалау, күрделі жағдайларды талдау және негізделген шешімдер шығару қабілетін дамыту.
- Бірегей идеяларды қалыптастыруға және проблемалардың стандартты емес шешімдерін табуға мүмкіндік беретін креативті ойлауды ынталандыру.
- Оқушыларға өзінің дамуы мен қызметінің нәтижелеріне жауапкершілік алуға мүмкіндік беретін тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру.
- Сыртқы ортаның өзгеруіне жедел ден қою, тәуекелдерді бағалау және туындаған мүмкіндіктерді пайдалану қабілетін дамыту.

Кәсіпкерлік білімді дамыту мемлекеттік тұжырымдамасының стратегиялық мақсаттары мен міндеттері

Кәсіпкерлік білімнің тиімді жүйесін құру мақсатында мынадай стратегиялық мақсаттар мен міндеттер айқындалды.

Кәсіпкерлік білімнің тиімді жүйесін құру мақсатында мынадай стратегиялық мақсаттар мен міндеттер айқындалды.

- Экономикалық белсенділікті арттыру үшін шағын және орта бизнесті құруды және дамытуды ынталандыру.
- ІЖӨ-нің өсуі үшін кәсіпкерлік қызметтің үлесін арттыру, жаңа жұмыс орындарын құру және экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру.
- Практикалық, инженерлік шеберлікті дамыту арқылы түлектердің заманауи еңбек нарығының талаптарына бейімделуін қамтамасыз ету.
- Жас буында инновациялық идеялар және оларды жүйелі бағалауды қалыптастыратын аналитикалық әрі сыни ойлауды дамыту.
- Білім процесін білімнің, оқытудың жаңаша тәсілдерін, оқытудағы өзекті мәселелерді шешуге баса назар аудару.
- Мектептен ЖОО-ға дейінгі білім жүйесіне интеграцияланған түсінікті әрі негізделген стандарттар мен әдіс-емелер әзірлеу.

- Жасөспірімдерде жеке бастаманы, жауапкершілік пен көшбасшылық қасиеттерді дамытуға ықпал ету. Бұл арамтамақтық пен мемлекеттік қолдауға тәуелділікті азайтуға мүмкіндік береді.
- Халықты және білім ұйымдарын өмір сапасын жақсартуға ықпал ететін әлеуметтік жобалар мен бастамаларды іске асыруға белсенді қатысуға жұмылдыру.
- Кәсіпкерлікті экономикалық және әлеуметтік дамудың маңызды драйвері ретінде қоғамдық мойындау.
- Білім алмасу және ең жақсы халықаралық тәжірибені енгізу үшін білім ұйымдары, бизнес-қоғамдастық пен ғылыми орталықтардың өзара әрекеттестігін қолдау.

КӘСІПКЕРЛІК БІЛІМДІ ДАМУ МЕМЛЕКЕТТІК ТҰЖЫРЫМДАМАСЫНЫҢ СТЕЙКХОЛДЕРЛЕРІ

Кәсіпкерлік білімді дамыту мемлекеттік тұжырымдамасын сәтті жүзеге асыру үшін тәжірибесі мен ресурстарын енгізетін мүдделі тараптарды тарту қажет.

Оқу-ағарту министрлігі – білім саясатын қалыптастыру, нормативтік-әдістемелік ұсынымдар мен әдістемелік әзірлеу және енгізу, сонымен қатар мемлекеттік және жеке білім ұйымдарының (мектептер, колледж) жұмысын үйлестіретін негізгі қатысушы.

Жергілікті қоғамдастықтардың өңірлік ерекшелігі мен қажеттілігіне қарай тұжырымдаманы бейімдеу және іске асыруды қамтамасыз ету. Олар кәсіпкерлікті оқытудың инновациялық әдістерін әзірлеуге және сынауға, бағдарламалық қамтамасыздандыруды дамыту және оқу үрдісіне заманауи технологияларды ықпалдастыру саласында ғылыми зерттеулер жүргізуге белсенді қатысады.

Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі дәстүрлі салаларды, инновацияларды ынталандыруға және өндірістің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған бағдарламаларды әзірлеуге қатысады

Ғылым және жоғары білім министрлігі ғылыми зерттеу және алдыңғы қатарлы білім беру әдістерінің жоғары білім жүйесіне ықпалдасуын қамтамасыз етеді, кәсіпкерлікке қатысты ғылыми зерттеу жұмыстарының дамуына ықпал етеді.

Қор кәсіпкерлік дағдыны дамыту бағдарламаларының тиімділігі мен сапа көрсеткіші жүйесін әзірлеу мен енгізуге, сондай-ақ Тұжырымдаманы іске асыру нәтижелерін бағалауға қатысады.

Мектептер, колледждер мен университеттер (мемлекеттік) кәсіпкерлік білім элементтерін өздерінің оқу жоспарларына міндетті пәндер, элективті пәндер арқылы ықпалдастыруға, сонымен қатар пәнаралық жобалар мен практикаға бағдарланған жобаларға қатысуға міндетті.

Жеке білім мекемелері ұлттық стандарттарға сәйкес келетін кеңейтілген кәсіпкерлік білім бағдарламаларын әзірлеуге және оқушылардың инновациялық әлеуетін дамытуға, білімнің іс жүзінде қолданылуына екпін түсіре отырып енгізуге мүмкіндігі бар.

Педагогикалық мекемелер және біліктілікті арттыру орталықтары – педагогикалық кадрларды даярлауға мамандандырылған оқу орындары кәсіпкерлік білім негіздеріне арналған модульдерді білім бағдарламаларына енгізуге, сондай-ақ барлық пән мұғалімдерінде кәсіпкерлік ойлауды дамытудың базалық принциптері мен әдістерін қалыптастыру мақсатында олардың біліктілігін арттыруға міндетті.

«Атамекен» ҰКП сараптамалық қолдау көрсетеді, практикаға бағдарланған бағдарламаларды әзірлеуге қатысады, оқушыларға ментор немесе консультант болады. Озық тәжірибелермен алмасуға, мамандандырылған курстар мен кәсіпкерлік бойынша семинарлар өткізуге ықпал етеді.

Қор – ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізетін, халықаралық тәжірибені мониторингтейтін, озық әдістемелерді әзірлеп, оқытушылардың кәсібилігін арттыратын, білім бағдарламаларын үнемі жаңғыртып, озық тәжірибелерді енгізуді қамтамасыз ететін әдістемелік орталық.

ҮЕҰ (үкіметтік емес ұйымдар) әлеуметтік жобаларды іске асыру, білім бастамаларына қатысу және жас кәсіпкерлерді қолдау арқылы кәсіпкерлік білімді дамытуға ықпал етеді.

КӘСІПКЕРЛІК БІЛІМДІ ОҚЫТУ НЫСАНДАРЫ

Ұсынылған схема қосымша бастамалармен толықтырылатын оқытудың барлық деңгейінде міндетті компонентті енгізуді қарастырады. Бұл кәсіпкерлік ойлауды дамытудың бірыңғай, үздіксіз даму жүйесін құруға мүмкіндік береді.

Оқыту деңгейі	Міндетті компоненттер	Қосымша компоненттер
Бастауыш сынып (1–4 сынып)	Кәсіпкерлік туралы базалық түсінікті кәсіпкерлік элементтерді пәнаралық сабақтарға ықпалдастыру арқылы қалыптастыру. Бұл сабақтар қаржылық сауаттылықты ерте қалыптастыру, топпен жұмыс істеуді үйрену және жоспарлаудың қарапайым дағдысын дамыту мақсатында ұдайы (ай сайын немесе тоқсан сайын) өткізіліп тұрады.	Кәсіпкерлікке деген қызығушылықты ынталандыруға бағытталған сыныптан тыс шығармашылық жобаларды немесе үйірмелерді ұйымдастыру (оқу жылында кем дегенде бір рет).
Орта буын (5–9 сынып)	«Еңбек негіздері» пәніне ықпалдастырылған кәсіпкерлік негіздері міндетті курсы енгізу. Курс аясында практикаға бағдарланған сабақтар өткізіледі.	Кәсіпкерлік процестер туралы түсінікті тереңдетуге және нарықты талдау дағдыларын дамытуға мүмкіндік беретін қосымша семинарлар, шеберлік дәрістері және жобалық жұмыстарды жүргізу

	<p>Шынайы бизнес-процестермен танысу үшін үнемі кәсіпорындарға бару (жылына кемінде бір рет) және кәсіпкерлерден қонақ-дәрістер ұйымдастыру (жылына кемінде бір рет).</p>	<p>(мектептің немесе мұғалімнің таңдауы бойынша кемінде оқу жылына бір рет).</p> <p>Тақырыпты терең зерделеуге бейім оқшыларға қосымша үйірмелер немесе кәсіпкерлік клубтарын ұйымдастыруға болады. Онда шағын жобалар, бизнес-модельдермен тәжірибе жасай алады.</p>
<p>Жоғары сынып (10–11 сынып)</p>	<p>Екі бөлімнен тұратын «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» элективті курсы енгізу:</p> <p>Жалпы (базалық) бөлім – үнемі жүзеге асырылатын кәсіпкерлік қызметтің теориялық білімі мен базалық дағдысын қалыптастыру (мысалы, апта сайынғы сабақтар). Тәжірибелік бөлім – оқу жылы ішінде жүргізілетін жеке немесе топтық бизнес-жобаларды әзірлеу және іске асыру.</p> <p>Сонымен қатар практикалық іс-шаралар міндетті болып табылады (мысалы, тағылымдамалар немесе</p>	<p>Оқушыларға кәсіби мүдделерге сай кәсіпкерлікті зерделеуге машықтандыратын элективті модульдер (мысалы, әлеуметтік кәсіпкерлік, технологиялық кәсіпкерлік, қызмет көрсету саласындағы кәсіпкерлік) кеңейтілген білім бағдарламасы аясында оқушылардың таңдауымен өткізіледі.</p>

	<p>нақты кейстермен практикалық сабақтар).</p>	
ТжКБ	<p>Кәсіпкерлік білімді бейінді пәндерге міндетті курс арқылы ықпалдастыру. Курстың бірінші бөлігі әрі қарай оқыту бағытына қарай мамандандырылған аспектілерге көше отырып кәсіпкерліктің жалпы қағидаларын (теориялық база, талдау әдістері мен идея жасау) қамтиды.</p> <p>Курстың екінші бөлігі студенттерді даярлауға бағдарланған – техникалық мамандықтар үшін технологиялық кәсіпкерлік, әлеуметтік қызметтер саласындағы мамандар үшін – әлеуметтік кәсіпкерлік, өндірістік мамандар мен қолөнершілерге – өндірістік өнеркәсіптегі кәсіпкерлік тәжірибелер.</p> <p>Алынған білімді практикада қолдануға мүмкіндік беретін практикаға бағдарланған іс-шараларды (мысалы, тағылымдамалар немесе практикалық жобалар) үнемі өткізу.</p>	<p>Таңдалған кәсіби салада кәсіпкерлік процестерді терең зерделеуге арналған қосымша элективті курстар мен семинарлар, сондай-ақ қажет болған жағдайда бизнес өкілдерімен тренингтер мен шеберлік дәрістерін ұйымдастыру.</p>

	<p>Заманауи технологиялармен танысуға бағытталған іс-шараларға міндетті түрде қатысу.</p> <p>Оқу процесі аясында өз идеяларын жасауға және жүзеге асыруға мүмкіндік беретін бизнес-жобалар жарысын ұйымдастыру және ішкі стартап ортасын ұйымдастыру.</p>	
ЖОО	<p>Екі бөлімнен тұратын міндетті кәсіпкерлік курсы қосу:</p> <p>Жалпы бөлім – кәсіпкерлік қызмет туралы білімді қалыптастыру, аналитикалық және креативті дағдыларды дамыту (сабақтар үнемі өткізіліп тұрады).</p> <p>Арнайы бөлім – инновациялық жобаларды әзірлеуге және іске асыруға баса назар аударып отырып таңдаған мамандық аясында кәсіпкерлік процестерді тереңдетіп зерттеу.</p> <p>Қосымша – практикаға бағдарланған іс-шаралар</p>	<p>Студенттерге кәсіпкерлікті терең зерттеуде қажет бағыттарды таңдауына мүмкіндік беретін элективті пәндерді ұйымдастыру, сондай-ақ озық тәжірибелерді алмасу әрі ықпалдастыру үшін конференциялар, дөңгелек үстелдер мен халықаралық алмасу жиындарын өткізу.</p>

	<p>өткізу, мысалы, ғылыми зерттеу жобаларға, тағылымдамалар және стартап-акселераторларға қатысу.</p> <p>Оқушылардың оқу процесі аясында идеяларын әзірлеуге және жүзеге асыруға мүмкіндік беретін бизнес-жобалар конкурстарын және ішкі стартап-орта ұйымдастыру.</p>	
--	--	--

Сонымен қатар кәсіпкерлік білімді барлық деңгейде сапалы іске асыруды қамтамасыз ету үшін келесі іс-шараларды орындау:

- Кәсіпкерлік білім элементтерін оқу бағдарламаларына ықпалдастыру үшін Қазақстан нарығының шындығына бейімделген нормативтік-әдістемелік ұсынымдар мен білім стандарттарын жасау.
- Оқушыларда жиынтықты біліктілікті дамыту мақсатында академиялық теория және практикалық тәжірибені біріктіретін модульдік және практикаға бағдарланған курстар, пәнаралық жобалар мен бастамалар құру.
- Бизнес-инкубаторлар жүйесін, жас кәсіпкерлерді қолдау орталықтары мен акселераторларды , сондай-ақ білім мекемелерінің бизнес-қоғамдастықпен өзара әрекеттесуі үшін ұйымдастырушылық алаңдар құру.
- Кәсіпкерлік пәнін оқытудың заманауи әдістері мен технологиясын назарға ала отырып, оқытушыларға біліктілікті арттыру арнайы бағдарламаларын, семинарлар мен тренингтер, тәжірибе алмасуды ұйымдастыру.
- Стратегияны тез түзету және білім беру іс-шараларының тиімділігін арттыру мақсатында негізгі көрсеткіштер жүйесін (KPI) құру және бағдарламаларды іске асыруды тұрақты мониторингілеу.

- Дуалды оқыту бағдарламаларын енгізу, тағылымдамаларды және практикалық жобаларды ұйымдастыру, сонымен қатар жетекші бизнес өкілдерімен және өнеркәсіп сарапшыларымен серіктестік орнату.
 - Жастар арасында жобаларды іске асыруға және бастамаларды дамытуға көмектесу үшін тәлімгерлік бағдарламасын әзірлеу және енгізу, табысты кәсіпкерлер мен сарапшыларды тарту.
 - Барлық оқытушылар, лекторлар мен әдіскерлерде пәндік мамандануға қарамастан, кәсіпкерлік білім қағидаттары және оның оқушылардың дамуына маңыздылығы туралы түсінігінің болуы.
-
- Кәсіпкерлік білім саласындағы озық тәжірибені қамтамасыз етудің әдістемелік орталығы ретінде жұмыс істейтін арнайы қор мекемесі. Қор ғылыми зерттеулер өткізумен, халықаралық тәжірибені мониторингілеумен, конференциялар ұйымдастырумен, сараптамалық материалдарды жариялаумен, әдістемелерді әзірлеумен айналысады. Қордың жұмысы аясында педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыруға және оқу бағдарламаларына кәсіпкерлік білім элементтерін енгізудің ең үздік тәсілдерін іздеп табуға ерекше көңіл бөлінеді.
 - Білім берудің әр деңгейінде (мектеп, колледж, университет) енгізу кәсіпкерлік ойлау мен дағдыларды дамытуға бағытталған кем дегенде бір міндетті пәнді енгізу.
 - Білім саласындағы білімінің дербес траекториясын қамтамасыз етуге және білім мүмкіндіктерінің ауқымын кеңейтуге мүмкіндік беретін, кәсіпкерлік саласындағы білімін тереңдеткісі келетін оқушыларға арналған қосымша элективті курстарды әзірлеу.

ТҰЖЫРЫМДАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУ

Алға қойылған стратегиялық мақсаттарға жету және кәсіпкерлік білімнің орнықты жүйесін қалыптастыру үшін барлық деңгейде міндетті мониторингілеу, түзету және қолдай отырып, тұжырымдаманы кезең-кезеңмен енгізу қажет. Тұжырымдаманы іске асыру келесі кезеңдер мен механизмдерді қамтиды:

ҚАНАТҚАҚТЫ КЕЗЕҢ (1–2 ЖЫЛ).

Бұл кезеңде таңдалған аймақтық кластерлер мен оқу орындары аясында (өкілдік мектептер, колледждер және мемлекеттік және жеке ЖОО-лар), әзірленген білім бағдарламалары, әдістері, әдістері мен практикаға бағдарланған бастамалар сынақтан өткізіледі. Қанатқақты кезең аясында:

Стандарттар мен әдістемелерді үнемі жаңартып отыруды қамтамасыз ететін әдістемелік орталыққа айналатын кәсіпкерлік білім саласындағы арнайы ғылыми зерттеу қорының қалыптасуы және дамуы.

- Оқушылардың жас және кәсіби ерекшеліктеріне бейімделген міндетті курстар мен қосымша элективті модульдерді енгізу.
- Пәнаралық және практикалық жобаларды, оның ішінде кәсіпорындарға баруды, қонақ-дәрістер, жобалық іс-шаралар мен тағылымдаманы қоса алғанда, ұйымдастыру.
- Жаңа әдістемелерді игеруге және оқу процесіне цифрлық технологияларды ықпалдастыруға бағытталған, педагогтерге арналған тренингтер мен семинарлар ұйымдастыру.
- Қанатқақты жобаларды үйлестіру үшін Оқу-ағарту министрлігі, аймақтық білім бөлімдері, бизнес-қоғамдастық және ғылым мекемелері өкілдерінің қатысуымен жергілікті жұмыс топтарын құру.

Масштаптау (3–5 жыл).

Қанатқақты кезеңнің нәтижелерін сынақтан өткізу және талдаудан кейін Тұжырымдаманы енгізу:

- Қанатқақты жобалардың тәжірибесіне сүйене отырып, кәсіпкерлік білімнің бірыңғай нормативтік-әдістемелік ұсынымдарын, стандарттары мен жоспарларын әзірлеу және бекіту.
- Мектептер, колледждер мен ЖОО-лардың оқу жоспарларына кәсіпкерлік пәнін міндетті түрде қоса отырып, бағдарламаны еліміздің барлық өңіріне біртіндеп тарату.
- Қолдаудың (бизнес-инкубаторлар, акселераторлар, тәлімгерлік орталықтары) кешенді инфрақұрылымын құру мақсатында бизнес-қоғамдастықпен, ғылыми зерттеу орталықтарымен және ҮЕҰ-мен ынтымақтастық.
- Тиімділіктің негізгі көрсеткіштерін (KPI) әзірлеу және тұрақты мониторинг жүргізуді қоса алғанда білім бағдарламаларының сапасын бағалау жүйесін енгізу.

Нығайту және орнықты дамыту (5+ жыл).

Осы кезеңде Тұжырымдама білім жүйесінің ажырамас бөлігі болуға тиіс:

- Озық әлемдік тәжірибе мен технологиялық өзгерістерді ескере отырып мазмұнын үнемі жаңартумен педагогтер біліктілігін арттыру жүйелері мен білім бағдарламаларының орнықты жұмыс істеуі.
- Тұрақты тәжірибе алмасу, ғылыми жобалар жүргізу және халықаралық бағдарламалар мен конференцияларға қатысу тетіктерін ықпалдастыру.
- Сын-қатерлерге тез жауап беруге және даму стратегиясын түзетуге мүмкіндік беретін мониторинг және бағалау жүйесін үнемі жетілдіру.
- Қаржылық және әдістемелік қолдауды қамтамасыз ету үшін жеке сектормен, мемлекеттік құрылымдармен, халықаралық ұйымдармен серіктестікті кеңейту.

Ұйымдастырушылық және басқарушылық механизмдер

Тұжырымдаманы іске асыру құрамында төменде аталғандар бар ведомствоаралық үйлестіру құрылымын құруды талап етеді:

Ғылым және жоғары білім министрлігі, Оқу-ағарту министрлігі, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі, «Атамекен» ҰКП мен бейінді қауымдастықтар өкілдерінің қатысуымен ведомствоаралық жұмыс тобы. Бұл топ стратегиялық жоспарлауды, қанатқақты жобаларды үйлестіруді және озық тәжірибелермен алмасуды қамтамасыз етеді.

Аймақтық ерекшеліктерді ескере отырып және нормативтік талаптардың орындалуын бақылау үшін Тұжырымдаманы бейімдеуге Қазақстан Республикасының әр субъектінде тағайындалған аймақтық үйлестірушілер.

КРІ жүйесін әзірлеуге, іске асырылған бағдарламаларға үнемі аудит жүргізу және стратегияны түзету үшін аналитикалық есептерді дайындауға жауап беретін мониторинг орталығы және тиімді бағалау.

Мониторингілеу, бағалау және түзету механизмдері

Тұжырымдаманы тиімді енгізу төменде аталғандарға негізделеді:

Оқыту сапасын, оқушылардың білімді меңгеру деңгейін, практикалық қызметтің нәтижелеріне және еңбек нарығына әсерін бағалауға мүмкіндік беретін тиімділіктің негізгі көрсеткіштер жүйесін (КРІ) әзірлеу және бекіту.

Қол жеткізілген нәтижелерді талдау және проблемалық аймақтарды анықтау мақсатында аймақтық және ұлттық деңгейде аудиттер мен мониторингілеу сессияларын үнемі (тоқсан сайын немесе жыл сайын) өткізу.

Түзетулерді жедел енгізуге және әдістемелік базаны жаңартуға мүмкіндік беретін педагогтермен, оқушылармен және бизнес-қоғамдастықпен кері байланысты ұйымдастыру.

Қашықтан мониторингілеу, статистикалық деректерді жинау және білім мекемелері арасында тәжірибе алмасу үшін заманауи цифрлық платформаларды қолдану.

Ресурстық қолдау және қаржыландыруды қамтамасыз ету

Тұжырымдаманы іске асыру үшін келесі іс-шаралар қарастырылған:

Қанатқақты жобаларды жүзеге асыруға, педагогтерді оқытуға, инфрақұрылымды дамытуға (бизнес-инкубаторлар, акселераторлар, тәлімгерлік орталықтары) бюджет қаражатын бөлу.

Инновациялық білім бастамаларын қолдау үшін халықаралық ұйымдардан, жеке сектордан инвестициялар мен гранттық бағдарламаларды тарту.

Кәсіпкерлік білім саласында әдістемелік қолдауды, ғылыми зерттеулер жүргізуді және аналитикалық материалдарды жариялауды қамтамасыз ететін арнайы зерттеу қорын құру.

Қорытынды

Аталған Тұжырымдама – оқушыларда инновациялық жобаларды сәтті жүзеге асыруға қажетті білімді, практикалық дағдылар мен жеке біліктілікті қалыптастыруға қабілетті, Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлік білімнің бірыңғай, үздіксіз жүйесін құрудың стратегиялық құралы. Практикаға бағдарланған оқыту, пәнаралық әдіс-тәсіл және педагогтердің біліктілігін үнемі арттыруды ықпалдастыру дербестік пен инновациялылықты дамытуға қолайлы жағдай туғызады.

Осы тұжырымдаманы қабылдау тұрақты экономикалық өсудің, еліміздің бәсекеге қабілеттілігі мен әлеуметтік тұрақтылығы артуының, сондай-ақ жаһандық сын-қатерлерге бейімделе алатын және болашақтың алдыңғы қатарлы трендтерін жүзеге асыратын көшбасшылардың жаңа буынын даярлау кепілі бола алады.